

## ОРИЕНТАЛИЗМ

Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» образы. Әлеуметтік-мәдени көзқарастың саясаттағы орны. 1-бөлім



Мақсаты: Батыс елдерінің Шығысқа қатысты сыртқы саясатына ориентализмнің әсерін анықтау. Батыс-Шығыс халықаралық қатынастарына әлеуметтік-мәдени көзқарастың әсеріне талдау жасау.

### **«Образ/бейне» ұғымы**

Алдымен «образ» ұғымына тоқталайық. Образ/бейне – философия мен психологияның аса маңызды категорияларының бірі. Ол өз мазмұнында таным мен тұрмыстың маңызды қырларын қамтиды. Шындықты түйсіну мен түсіну біздің білімімізді ғана емес әрекеттерімізді де белгілеп береді. Образдың маңызды қыры оның объектіге қаншалықты қатысты, жақын екенімен байланысты. «Образ» деген сөзді естігенде біздің ойымызға бірден «ненің?» образы деген сұрақ келеді. Басқаша айтқанда объект және оның образынан тұратын егіз ұғым пайда болады. Іс жүзінде алғанда объект тек материалды, яғни зат болуы шарт емес, ол әлемдегі барлық заттар мен құбылыстардың қарым-қатынасын қамтитын өте кең ұғым. Басқаша айтқанда біздің санамыздағы кез келген ұғым немесе түсінік ол да образдың объектісі болуы мүмкін. Образ өзі бейнелейтін объектімен өте тығыз байланысты болады.

Батыс Еуропа мен америкалық дәстүр бойынша Образдың «объектісінің» (Шығыстың) субъектіден территориялық жағынан алыс болғаны маңызды болды, ал қажетті ақпаратты жеткізумен ерекше әлеуметтік топтар: ғалымдар, саясаткерлер, шенеуніктер, саудагерлер, әдебиетшілер айналысты. Француздар мен ағылшындар тудырған Шығыс образы осы көзқарастың еуропалық өзге елдерде де қалыптасуына әсер етті.

Қарапайым адам үшін шындықтың бейнесі үнемі белгісіздікпен байланысты. «Бір адам жайлы басқа адамның пікірі қандай?» немесе «бұл оқиғадан не күтуге болады?» деген сияқты сұрақтар болашаққа жоспар жасау барысында қойылады. Образ тудыру іс-әрекет жасауға нұсқау болады, іс-қимылға бағыттайды, яғни мақсат саналы түрде қойылады. Дегенмен бұл мақсат үнемі шындыққа жақын, айқын дегенді білдірмейді.

Әлемнің образы – бұл нақты адам әрекет ететін ортаның негізгі пәні немесе олардың жиынтығы. Түсінікті болу үшін белгілі мақалды мысалға келтіруге болады: «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды». Басқаша айтқанда орта жайлы таным-түсінік сол орта нақты адамның жеке өзінің басына әсер еткенде ғана пайда болады, орта адам өмірінің серігі немесе әріптесі болып шығады. Осы айтылғанды енді өз тақырыбымыз аясында қарастырайық.

### **Батыс және Шығыс**

Алдыңғы дәрістерде айтылғандай, Шығыстың образы және оған деген көзқарас ерекше танымдық жағдайларда пайда болды. Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасы екіжақты болуы керектігіне, әрі Батыс өзін тек Шығыс тұрғанда ғана таныта алуына қарамастан Шығыс біртіндеп бағынышты, соған сәйкес зерттеу объектісіне айналды.

Эдвард Саид өзі ұсынған ориентализм ұғымы арқылы ой мен әрекет таралатын ортаны көрсетуді мақсат етті. Ол ориентализмнің нақты бір тарихи кезеңде басым күштің әсері арқылы қалыптасатынын айтты.

Батыста басқа жайлы ұғым өзі туралы білімге сүйеніп қалыптасты; «Біз» және «олар», «өзімдікі» және «өзгенікі» ұғымдары өзара әрекеттесу барысында бір-бірімен тығыз араласып кетті. «Олар» ұғымы алғашқы уақытта барынша нақты, шынайы, қандай да бір анық белгілерге ие болды, мысалы, шығыс адамы жайлы сөз болғанда «олардың» шабуылының зардаптары, «олар» «адамның» тілін түсінбейді» т.с.с. тіркестер түрінде айтылды. Ал «Біз» ұғымы болса, анағұрлым күрделірек.

Біріншіден, еуропалықтар өзі үшін барынша «түсініксіз» болып көрінген құбылыстарға назар аударды, екіншіден, бұл «өзімдікі» ұғымына қарсы ұғым ретінде көрініс тапты. Осының нәтижесінде «олар мүлде бөлек» деген түсінік пайда болды. Мұндай пікір Дж. Чосер, Дж. Мандевиль, У. Шекспир, Дж. Драйден, А. Поуп және Г. Байрон еңбектерінен көрінеді. Бұл



бұдан соң Шығыс болып саналатын бүкіл Азияға қатысты айтылатын болды және география, адамгершілік және мәдениет салаларының бәрін қамтыды. Мұндай түсінік шығыс адам-на, шығыс табиғатына, шығыс ертегілеріне, шығыс деспотизміне, азиялық өндіріс тәсіліне де қатысты айтылды.

Жаңаны танудың тәсілі Ортағасырлық Еуропаның исламға деген көзқарасынан байқалады. Арабтардың өздеріне жақын жатқан территориялар Персия, Сирия, Кіші Азиямен қоса Африканың солтүстігін, Испанияны (Кордова Халифаты), Сицилияны иемденуі, XIII–XIV ғасырларда Үндістан, Индонезия және Қытайдың кейбір аудандарында билік етуі Еуропаға естен кетпес әсер қалдырды.

Ислам жаулап алушылықтарына куә болған христиан авторлар оның мәдениетіне мүлде назар аударған жоқ, себебі олар бұл кезеңді «өзінің тарихындағы ең қараңғы дәуір деп қарады. Ислам тек «жабайылар» жаулап алған аудандарға әкелген зардап, ол жерлерде болған мәдениетті талқандау болып қабылданды.

XVII ғ. соңына дейін ислам Еуропа үшін христиан өркениетіне төніп тұрған қауіп ретінде үлкен проблема саналды. Бұдан кейін Осман империясы Еуропаның сыртқы саясатына араласқанда да оған өте сақтықпен қарады.

Шығыспен мәдени, материалдық және зияткерлік қатынастар біртекті болмағанмен, яғни тиімді тұстары да кездескенмен, арадағы бөлінушілік жігі ешқашан өзгерген жоқ. Сонда да үнемі Батыс Шығысқа қарай қадам жасады, ал кері қозғалыс болған жоқ.

Ислам әлемін санамағанда Шығыстың қалған бөлігі XIX ғасырға дейін тұтастай Батыс талассыз билік еткен аумақ болып қала берді. Бұл мысалы, Үндістан, Оңтүстік-шығыс Азия, Қытай болды.

Тек араб-мұсылман Шығысы, исламның өзі Еуропа үшін саяси, зияткерлік және біраз уақыт экономикалық салада шешілмеген проблема болып қалып отырды. Бұл кезеңде Еуропа үшін бірнеше салада шын мәнінде қиындық болғаны күмәнсіз. Оның бірнеше себебі бар еді:

- ислам христиан дініне географиялық жағынан да, мәдени жағынан да өте жақын тұрды;
- мұсылмандар грек-иудей дәстүрінің көп жетістіктерімен таныс болды;
- исламды тарату жорықтары көптеген әскери және мәдени жеңістерге қол жеткізді;
- ислам елдерінде христиан дінінің қасиетті орындары тұрды.

Сондықтан да бұл аймақ Еуропада Таяу Шығыс аталып, кейіннен жалпы ғылыми сипат алды.

## **Ағылшын-француз бәсекелестігі**

Отарлау дәуірінде Еуропа елдеріндегі бірқатар сауда қоғамдары «Ост-Инд компаниясы» атауымен Моғолдар билігіндегі Үндістанда саяси-экономикалық қатынастарды жүргізуге араласты. Алғашқыда тек сауда істеріне ғана қатысуға құқы болғанмен, Моғолдар билігінің әлсіреуін пайдаланған ағылшындар 1717 жылы император Фарруқ Сиярдан Бенгалияда үлкен басымдылықтар беретін фирманға (үкім) қол жеткізді. Ағылшындар өзінің ықпал ету аясын шапшаң кеңітіп алды. XVIII ғасырдың ортасына қарай Франция мен Британияның арасында Үндістанға ықпал ету күресі ұшығып, ол европалық державалар арасындағы әскери жанжалға әкелді. Еуропа түсінігінде XVIII ғасырдағы Үндістан әлі біртұтас мемлекет болған жоқ. Оның аумағында шегарасы нақты белгіленбеген жүздеген иеліктер ғана болды. Ұлы Моғолдардың бірінен Компания өкілі «Диуан» аталатын қаржы билігі құқығын өтіну арқылы Бенгалияны толық бағындыруға қол жеткізді.

Азаматтық істер, сот, тәртіп сақтау сияқты кейбір қызмет түрлері бенгал тарапында қалғанмен ағылшындар биліктің негізгі тетігіне ие болды. Бұл бүкіл Үндістанда үстемдік етуді талап етуге толығымен негіз болатын.

Англия үнді раджалары арасындағы қарама-қайшылықтарды өз мүддесіне шебер пайдалану арқылы Үндістанда өз билігін таратып қана қоймай, негізгі бәсекелесі – Францияны да жолдан ығыстырып тастады.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 12. Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» образы. Әлеуметтік-мәдени көзқарастың саясаттағы орны

Үндістаннан келген кезекті корабльді қарсы алушылар енді алыстағы шығыс елінің қиял еместігіне нақты көз жеткізді. Британдық Ост-Инд компаниясы Бенгалияда орныққанан бастап қаншама ғажайыптар жайлы сөз болды. Есепсіз байлық, соның арқасында қарапайым ағылшындардың ертегідегі корольдерге айналып кеткені жайлы әңгімелер жан-жаққа тарады.

Алайда Үндістанға аттанғандардың арасында тек байлық іздеген пайдакүнемдер ғана емес, ерекше мәдениетке терең қызығушылық танытқан Уильям Джонс сияқты зерттеушілер де болды. Еліне адал ондай ғалымдар арқасында еуропалықтар мыңдаған жылдық тарихы бар үнді даналығымен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Ал Францияның отарлық саясаты үшін жағдай басқаша болды. Экономикалық жағынан әлсіз, әрі Еуропаның басқа – испандық, австриялық мұраға талас сияқты проблемаларына белшесінен «батқан» Франция Британияның дәйекті, әрі нақты мақсатты саясатына қарсы тұра алмады.

1789 жылы басталған Ұлы Франция төңкерісі де барлық назарды елдің ішкі проблемаларына аударды, сол себепті француздардың Үндістанға қатысты жоспары жүзеге асырылмады.

Ағылшындар мен француздар арасындағы Үндістан үшін болған тартыстар кезеңінде ислам елдері өтуге тиісті арадағы көпір болып тұрды. Наполеон Бонапарттың Мысырға жорық жасауға қабылдаған шешімі дәл осы жағдаймен байланысты еді.

Наполеон экспедициясының басты тарихи ерекшелігі әсері жорықтың құрамында, ал кейде оның алғы шебінде ғалымдар жүрді. Олар халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттеу арқылы жергілікті мұсылман тұрғындармен байланыс орнатуы тиіс болды. Назар аударатын бір жайт – Наполеонның Мысыр халқы, әскер мен ғалымдар алдында сөйлеген сөздері бірден араб тіліне аударылып, Құранның аяттарымен кеңінен толықтырылып отырды. 1798 жылы 2 шілдеде Александрия тұрғындарына арнаған сөзінде «Біз нағыз мұсылманбыз» (фр. «Nous Sommes Les Vrais Musulmans») дегенді де айтты.

Француз қолбасшысы әскери міндеттерді жан-жақты ойланып шешу қажеттігін түсінді, алғашқы уақытта оның бұл тәсілі оң нәтиже беріп отырды. 1799 жылдың соңында Францияның өз ішінде саяси жағдай күрт ушығып кетті. Нельсон басқарған Англия флоты Франция эскадрасын Абукирде талқандап тастады, Сирияға жасалған жорық сәтсіз аяқталды, Европада Францияға қарсы жаңа коалиция құрылып, Европада соғыс өршіді. Наполеон әскерді генерал Жан-Батист Клеберге (фр. Jean-Baptiste Kléber; 1753–1800) тастап Мысырдан кетуге мәжбүр болды, ол Үндістанға қол жеткізе алмады, кейбір тарихшылар айтқандай Александр Македонскийдің жеңісін қайталау жүзеге асқан жоқ.

Наполеонның жоспарлары кейде тым қарапайым формада жүрді. Мысалы, ол дипломатиялық жолмен Ресейдің Францияға қарсы коалиция құрамынан шығуына, Павелмен I келісуге қол жеткізді.

1800 жылдың соңында Павел I Францияға қарсы Ресей, Ұлыбритания, Австрия, Түркия, Неополитан Корольдігі құрған коалициядан шығып, керісінше Наполеонмен одақ құрды. Ол арнайы бұйрықпен Дон казактарын Үндістанға жіберді, олар онда бірлескен орыс-француз күші арқылы сыртқы саясаттағы жаңа жауы – Британияға қарсы тұруы керек болды. Казактардан 510 офицер, 20947 атты полк, 500 артиллерист және қосымша 500 қалмық жиналды. Бұл адамдардан 41 атты полк жасақталған. Казактардың осы полкы 1801 жылы қазіргі Батыс Қазақстан аумағына – Ырғызға дейін жеткен. Алайда Павелдің I өлімі Британияға қарсы құрылған жоспардың бұзылуына әкелді. Кейбір зерттеушілер орыс императорының өміріне ағылшын дипломатиясының қатысы бар деген күдік келтіреді.

1799 жылы Майсурді жаулап алғаннан кейін ағылшындар таққа Водеярлар әулетінің раджасын отырғызды, сол арқылы әулетті жандандырмақ кейіп танытты. Князьдік қалды, алайда ең соңғы қарсылық ошағы толығымен жойылды. Ішкі проблемаларымен айналысып кеткен Франция Үндістаннан біржола айрылды, тек жағалаудағы шағын иеліктер қалды.

Бірақ Европада алғаш рет Шығыс жайлы дерек пайда болды. Батыс Шығысқа жаулап алушы әскер болып келсе, Шығыс Батысқа өзінің мәтіндері, тілдері, мәдениетімен келді. Азия енді барынша толыққанды зияткерлік және тарихи сипатқа ие болды. 1809 жыл мен 1828 жыл аралығында алып жиырма үш томнан тұратын «Мысырдың сипаттамасы» («Description de l'Égypte») жарыққа шықты. Бұл Шығыс жайлы білім, материал жинаудың аяқталғанын білдірді. Бұл аса көлемді жазбада жүзеге асырылған мақсаттарды нақты атайтын болсақ, олар:



- Шығысты қазіргі жабайы қалпынан бұрынғы классикалық ұлылығына қайтару;
- Шығысты (оның өзінің пайдасы үшін) қазіргі Батыстың даму жолына түсіру;
- Шығысқа оның тарихтағы орнын, империялық стратегия көзқарасын және оның Еуропаның бөлшегі ретіндегі «табиғи» рөлін толық мойындай отырып, даму формасын, сәйкестігін (identity) анықтап беру;
- Шығыс жайлы, оның дәстүрлері, типтері, сипаттары жайлы барлық білімді ескеру, жүйелеу, жалпылау.

Бұл деректер мен материалдар Саид айтқан Шығыс жайлы бұрмаланған көзқарасты қалыптастыруға негіз болған білім еді.

Ориентализм XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында пайда болды. Ол тек ғалымдардың ғана емес, сонымен бірге Шығыс жайлы ерекше өз ойлау жүйесін тудырған авторлардың үлкен тобының қызметімен де байланысты еді. Ал олардың ойы бұрын да айтылғандай, «нысанның» логикасына емес, зерттеушінің логикасына сүйенді. Шығыс жайлы ой-пікірдің қалыптасуы Батыс шешетін нақты міндеттердің аясында жүрді. Бұл дәуір Британия мен Францияның бәсекелестігімен сипатталады. Екі мемлекеттің арасындағы бітпес қақтығыстың себебі Шығысқа отарлық билік жүргізу болды. Сирияда біраз басымдылыққа ие болған Франция стратегия мен тактикасы жағынан жекелеген табысқа қол жеткізгенмен, тәжірибе жүзінде ағылшындардан әлсіз болды.

## Евроцентризм және ориентализм

Саидтің «Шығыс жайлы білім мен көзқарас нысанға емес, автордың логикасына сүйенді» деген пікірін талдап көрейік.

Қандай да бір шығармашылық жағынан дарынды, өзіндік талант немесе терең ой иесі білімге қойып тастаған шектеулерді жеңіп шығуы мүмкін, бірақ бұл жағдайдың өзінде ол бұған дейінгі жиналған білім немесе жүргізілген зерттеулерге сүйенбей тұра алмайды. Ал ғылымда түптеп келгенде зерттеуші өзіне дейінгі авторлардың еңбегімен танысуы қажет жағдай. Бұл қарапайым ғылыми этика.

Ориентализм саласы Шығыс жайлы жалпы дүниетанымның негіздерімен тікелей байланысты, ол негіздердің қатарында классика, көне мәтіндер, Інжіл т.б. жазбалар бар. Нәтижесінде тәртіпке келтірілген, жүйелі, «шығыстандырылған» білім немесе көзқарас шығады.

Ориентализм – бұл түсіндіруші (интерпретациялаушы) ғылым. Оның нысаны мен пәні – Шығыс өркениеттері, халықтары және аумақтары. Шығыстанушылардың – ғылымға адал зерттеушілердің объективті еңбектері – мәтіндерді аудару және редакциялау, көне тілдердің құпиясын ашу, сөздіктер құрастыру, өткен дәуірлерді жаңғырту, тексеруге болатын позитивті білім тудыру – мұның барлығы фактіге негізделеді. Ол факт бойынша кез келген сөзбен жеткізілетін ақиқат тіл арқылы жүзеге асады. Ал ақиқатты жеткізуге тіл қаншалықты қабілетті? Тілдің өзі адам қатынасының өнімі болғандықтан метафора, метонимия, антропоморфизмдерден құралған, үнемі даму үстінде болатын құбылыс екені белгілі. Сондықтан «Шығыс» деген ұғым түрлі мағыналарға, ассоциацияларға, коннотацияларға ие болады, ал олардың қайсысы объективті немесе жалған екенін анықтау аса жауапты міндет.

Бұдан шығатын қорытынды – ориентализм тек позитивті оң доктрина ғана емес, білімге негізделген көзқарас. Ол көзқарас саяхатшылар, саудагерлер, шенеуніктер, әскери экспедициялар, қасиетті орындарға ғибадат жасаушылар, экзотикалық сапарлар жайлы туындыларды оқыған оқырмандардың әсерінен пайда болған. Бұдан нені байқаймыз? Ориентализмді Саид неге бұрмаланған білім дейді? Шығыс жайлы білім Саидтің пайымдауынша Батыстың мүддесі үшін қолдан жасалды. Әсер көзқарасты, көзқарас білімді қалыптастырды, яғни білім әсерден туды. Мұның барлығы «шығыс деспотизмі», «шығыс сезімталдығы», «шығыс адамының мінезі» сияқты ұғымдарды қамтитын түрлі идиомалардың тууына алып келді.

Егер бұрын Шығыс жайлы көзқарас дегеніміз – идеялардың, пікірлердің, клишелердің жинағы болса, енді XIX ғасырда осы идея, пікірлер жинақтала келіп нақты тәжірибеге айналды.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 12. Батыс Еуропаның сыртқы саяси дәстүріндегі «Басқаның» образы. Әлеуметтік-мәдени көзқарастың саясаттағы орны

Сезімталдық, деспотизм, артта қалушылық және т.б. атаулар «шығыс» сөзінің кез келген қолданысын коннотациялайды және олар қолданыла келе дағдыға айналады. «Біз» және «олар» бір жағынан бөлінушілікті көрсетсе, екінші жағынан осы «біз» бен «оларды» деп жалпылауға әкеледі.

Бұл қарама-қарсылық тек антропология, лингвистика және тарих ғылымында ғана қолдау тауып қоймай, сонымен бірге Дарвиннің тірі қалу және табиғи іріктеу теориясы арқылы, ең маңыздысы биік мәдени гуманизмнің риторикасы арқылы одан сайын бекітіледі. Егер Шығыстың дифференцияланбауы (елдер, халықтардың бір-бірінен ұқсас белгілері арқылы ерекшеленбеуі) олардың саяси әлсіздігіне байланысты болса, ал «біз» ұғымының бірлігі Батыстың күшті екенін танытады.

Мұның барлығы осылайша Батыстың Шығысқа қатысты үстемдігін ақтап алудың әдістерін қалыптастырды.

### Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Философия мен психологияда «образ/бейне» қандай категория?
2. Британия мен Франция арасында Шығысқа қатысты қандай бәсекелестік орнады?

### Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Европоцентризм ұғымына тоқталыңыз.
2. Европоцентризм мен ориентализмнің арақатынасы жайлы баяндаңыз.
3. Ориентализмнің нысаны жайлы баяндаңыз.
4. Саид Батысты қандай көзқарастары үшін сынағанына тоқталыңыз.

### Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. <https://ru.wikipedia.org>.
4. <http://anthropology.ru>.